

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ КЕЛЕС АУДАНЫ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ
БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТЫ

«№ 39 Л.ЖОЛДАСОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ»

КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

«Оқуға құштар мектеп»

«Дала жұлдызы»

Ы.Алтынсарин 180 жыл

(Кітапханалық сабақ)

Сынып: 6 «ә»

Кітапханашы: Сейдуалиева.Г

Асанова. Ж

Тақырыбы: «Дала жұлдызы» Ы.Алтынсарин 180 жылдығына арналған ашық сабақ.

Сабақтың мақсаты:

Оқушыларға қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы педагогы Ыбырай Алтынсарин туралы, оның еңбегі, шығармашылық мұрасы, ағартушылық қызметі жайында мағлұмат беру. Ыбырай еңбектерін үлгі ете отырып, оқушыларды еңбекқорлыққа, адамгершілікке, іскерлікке, достыққа ынтымақтастыққа, Отан, болашақ алдындағы борышын сезінуге, елін, жерін, жұртын сүйуге, Ұлы тарихи тұлғаны есте сақтауға, құрмет тұтуға, үлгі алуға тәрбиелеу. Ыбырай еңбектері арқылы білімдерін одан әрі дамыту, танымдық көзқарастарын нығайту, шығармашылық ізденістерін жетілдіру.

Корнекілігі:

Фотослайд, Ыбырай Алтынсариннің шығармалар жинағының, еңбектерінің мұқабасы түсірілген суреттер, кітаптары

Барысы:

Кітапханашы: Сәлеметсіздер ме, құрметті оқушылар! Бүгін сабақта қазақтың «Дала жұлдызы» атанып кеткен Ұлы педагог, ағартушы, акын, жазушы, этнограф, аудармашы .Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жылдығына арналған сабағымызды бастаймыз.

1. «Ыбырай өлеңдерін жатқа айту

2. Тарихи тұлғаны танып білу

3. « Ойашар» сұрақ-жауап

«Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» Ыбырай Алтынсарин өлеңдерін жатқа айту

Өнер- білім бар жұрттар

Өнер- білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден,

Көзіңді ашып-жұмғанша

Жылдам хабар алғызды.

Аты жоқ құр арбаны

Мың шақырым жерлерге

Күн жарымда барғызды.

Адамды құстай ұшырды,

Мал істейтін жұмысты

Отпен суға түсірді.

Отынсыз тамақ пісірді,

Сусыздан сусын ішірді.

Бұл кім?

Бала, бала, бала деп,

Түнде шошып оянған.

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Түнде бесік таянған,
Аялы қолда талпынтқан,
Қаймақты сүттей қалқытқан,
Суық болса жөргегін,
Қорғасын оқтай балқытқан,
Айналасына ас қойып,
Изені қолдей шалқытқан,
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Нісін жұпар аңқытқан.

Өзен

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған,
Жел сокса, ыстық сокса бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған,
Көңілің суын ішсең ашылады,
Денеңде бар дертіңді қашырады,
Өксіген оттай жанып жануарлар,
Өзеннен рақат тауып басылады,
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары
Шуылдап желмен бірге бас ұрады,
Он мың мал айдап өтсең де лай қалмайды,
Тасыса су бармаған сай қалмайды,
Тасыған өзен судың қуатымен
Көк шалғын шөп бітпеген жай қалмайды,
Ел қыстап күн көреді жанабында
Дәм болар алуан-алуан балығында
Тас таста, алтын таста сынамаққа,
Сонда да аққан өзен қалыбында!

Қарға мен түлкі

Ашығып түлкі жүрді жапандарда,
Тамақ іздеп жол шекті сапарларға
Еш нәрсені көре алмай келе жатса
Жүгіріп түлкі соған жетіп келді,
Қарға ағаштың басында мұны көрді,
Тістегені аузында тәтті ірімшік,
Оны көріп түлкі-екең сөйлей берді,
Қарға батыр, әр сөзің күміс, алтын,
Сырттан тілеу тілейді барша халқын,
Қарға-екендей дүниед әуес жок деп,
Осылайша шығады сыртқа даңқын.

Сандуғаш, бұлбұлдарды көріп едім,

Жүзінді бір көруге келіп едім.

Даусыңды бір шығаршы, шаттанайын,

Сырттан асық болғаннан өліп едім.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 20 қазан қазіргі Қостанай облысы Торғай аумағында дүниеге келген. Әкесінен ерте айрылған ол атасының белгілі би Балкожаның қолында тәрбиеленді, Туып өскен жері-Қостанай облысы Тобыл өзенінің жағасынан топырақ бұйырды. Ыбырай 48 жасында ерте қайтыс болса да болашақ ұрпаққа тәлім болар мол еңбек қалдырды, қазақ

халқының мәдени және рухани дамуына, алдыңғы қатарлы озық мәдениетке жетуге игі ықпал етті.

1857 жылы Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы мектепті алтын медальмен бітіреді. Мұнда орыс, араб, татар және парсы тілдерін жақсы меңгеріп шығады.

Ыбырай Алтынсарин бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Көп оқыды, Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстану ғалымы В.В. Григорьевпен жақын танысып алды. Өзінің мінез құлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш еді, көп оқыды, өзге халықтардың қол жеткен табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандады. Алған білімін өз халқының пайдасына асыруға талпынды. Ыбырай Алтынсарин-қазақ арасынан шыққан тұңғыш кемеңгер адам еді, ол өзінің қараңғы көшпелі халқының ішіне еуропалық мәдениеттің жарық сәулесін таратты. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды.

Кітапханашы:

Бір құдайға сыйынып,

Кел, балалар оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

Істін болар қайыры

Бастасаныз алдалап,

Оқымаған жүреді

Қараңғыны қармалап.

Оқысаныз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар.

Мал даулеттің байлығы

Бір жұтасан жоқ болар,

Оқымыстың байлығы

Күннен-күнге көл болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.

1860 жылы Алтынсаринге облыстық басқарма Орынбор Бекінісінде Торғайда қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуды тапсырды. Өзінің осы мектепке орыс тілінен мұғалім етіп тағайындайды. Осыдан бастап Алтынсариннің ағартушылық – педагогтік қызметі басталды. Бірақ мектеп үйі, оқу құралына қаражат болмайды. Облыстық басқарма мектеп ашуға салқын қарайды. Бірақ Алтынсарин бұған мойымайды. Ауыл аралап, халыққа мектептің пайдасы туралы әңгіме жүргізеді. Өзінің насихатын халықтың жүрегіне жеткізе білген оған халық арасынан қолдау көрсетушілер табылды. Қаржы жинауды ең алдымен өзі бастап, атасы Балқожаның еншісіне берген малын сатып, түскен ақшаны мектеп салуға жұмсады. Оқу үйі жетіспеген кезде, білім іздеген қазақ балаларының ынтасын арттыру үшін біраз балаларды өз үйінде оқытады. Халықтан жиналған қаражатқа мектеп үйін салғызады, Ыбырайдың арман еткен мектебі 1864 жылы ашылады. Осыған байланысты үлкен той болды. Мектеп жанынан интернат ашылды.

1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде жана мектептер ашады. Ол қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды.

Ыбырай балаларды мазмұнды олардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды қазақтың өз тілінде басып шығару керек деп білді. Өзі 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кірісті, оны 1879 жылы Орынборда бастырып шығарды. «Бұл кітапты құрастырғанда мен»- деп жазды. Қазақ даласында мектептер санының артуына байланысты Ыбырай мұғалімдер даярлайтын мектеп ашуды қолға алды. 1881 жылы Омбы қаласында алғаш мұғалім мектебі ашылды. Орынборда 1879 жылы Алтынсариннің тұңғыш оқу құралы «Қазақ хрестоматиясы» шықты. Бұл құралды орыс алфавиті негізінде жариялады. Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясын» балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалардан құрастырды. Олардың бірқатарын өзі жазды. «Қазақ хрестоматиясы» балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалардан құрастырылды. Хрестоматияға қазақтың халық әдебиетінің үлгілерін де іріктеп кіргізді.

Біз Ыбырайды аудармашы дедік. Ендеше ол кімдердің шығармаларын қазақ тіліне аударған? Ол А. Ушинский, Л.Толстой, И.Крылов, И.Паульсонның шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Жұмбақтар:

1. Мұрты бар ,сакалы жоқ
Тоны бар кьерге шапаны жоқ,
Пайдасы үй ішінен табылған сон
Далаға кіріп шығар сапары жоқ. (Мысық)
2. Қатар-қатар тас қойдым,
Жирен атты бос қойдым. (Тіс пен тіл)
3. Ти десем тимейді
Тиме десем тиеді. (Ерін)
4. Арбадан ақ күшігім
Қарғып түсті. (Түкірік)
5. Үй үстінде
Уақ тас (Жұлдыздар)
6. Қараша үйде қар жатпас
Ел жатсада , екі батыр жатпас. (Сиырдың мүйізі)
7. Жаны жоқ болса да,
Ақылды адамның ісін істейді. (Кітап)

Мақалдар:


- Мал байдікі құдайдікі. (Жан)
Қорыққанға.... көрінер. (Қос)
Таспен ұрғанды ұр (Аспен)
Ағасы бардың бар (Жағасы)
..... үйрен де, жирен (Өнерді)
..... алды- қызыл тіл (Өнер)
Сөздің көркі-..... (Мақал)
Қылыш жарасы бітер
..... жарасы бітпес (Тіл)
Ауру жазылып қалады, қалмайды. (Әдет)
Жері байдың бай (Елі)
Білмеген мың бәлеге (Тұтылып)
Бала-баланың шала (Ісі)

Ы.Алтынсарин әңгімелері:

«Қарға мен құрт», «Түлкі мен ешкі», «Палқан деген ит», «Қара батыр»,
«Бай баласы мен жарлы баласы», «Тазша бала», «Жыл басы», «Мақта қыз
бен мысық».

Алтынсарин 1889 жылы 48 жасында қайтыс болады. Қазақ даласында
жарқ еткен жұлдыз сөнгенімен артында мәңгі өшпес мұралары мен
шәкірттері халқына қызмет етіп келеді.

Ыбырай есімі берілген аудан, ауылдар, оқу орындары, көшелер, жер
атаулары Қазақстанның түпкір-түпкірлерінен кездеседі.

A decorative border of small, stylized flowers and leaves runs along the top, bottom, and sides of the page. The flowers are dark brown or black, and the leaves are a lighter shade of brown. The border is composed of repeating floral motifs.

Ұлылар ұлагаты өркениеттің өр тауларына жетелейді. Ыбырайдай асыл бабаның таза, мөлдір, кәусар бұлағынан нәрлене білейік, рухани әлдене білейік деп бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз.